

"Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1246 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

"Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы

"Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 4-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі **б е к і т і л с і н .**

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2006 ж ы л ғ ы

" ____ " _____

N Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі

1. Жер, су (концессия шартын іске асыру мақсатында жер пайдалану құқықтарын қоспағанда), өсімдік әлемі және жануарлар дүниесі.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар.

3. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті штаттық мүлік, әскери-техникалық мақсаттағы ұйымдар мен объектілер.

4. Магистральды темір жол торабы, кеме қатынасы су жолдары, шамшырақтар, кеме қатынасы қауіпсіздігін реттейтін және оған кепілдік беретін құрылғылар мен **н а в и г а ц и я л ы қ б е л г і л е р .**

5. Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары (бөгеттер, су тораптары, басқа гидротехникалық құрылыстар).

6. Ауылда алғашқы медициналық-санитарлық көмек, мамандандырылған көмек көрсететін (қан құю, ана мен баланы қорғау жөніндегі, радиациялық медицина орталықтары, онкологиялық, туберкулез, АҚТБ жұқтырғандарды және ЖҚТБ-мен ауыратын ауруларды жұкпалы, тері-венерологиялық, психикалық ауруларды емдеу жөніндегі объектілер), сондай-ақ облыстың, қаланың, ауданның қызмет көрсетілетін аумағындағы бірден-бір мемлекеттік медициналық ұйымдар болып табылатын медициналық ұйымдар.

7. Халықты әлеуметтік қорғау объектілері, балалар үйлері, бөбектер үйлері, қарттар үйлері, Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға, балалар мен қарттарға арналған интернаттар, госпитальдар мен санаторийлер.

8. Қазақстан Республикасының аумағында азаматтардың білім алуға конституциялық құқықтарын қамтамасыз ететін жалпы орта білім беретін мемлекеттік ұйымдар.

9. Мемлекеттің қорғауындағы тарихи және мәдени мұра объектілері.